



PHILOLOGICAL FIELD/ ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТ/
ФИЛОЛОГИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ

Textology/ Мәтінтану/ Текстология

Article

«Алтын жарық» көне ұйғыр ескерткіші: ашылуы, зерттелуі және аудармалары¹

Д. Мәсімханұлы^a, *Т. Қадыл^b, Е. Жомарт^c

^aР.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан Республикасы
(E-mail: masimkhan-63@mail.ru)

^bР.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан Республикасы
(E-mail: taldaobekashimhan@gmail.com). *Байланыс үшін автор: taldaobekashimhan@gmail.com

^cР.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Алматы, Қазақстан Республикасы
(E-mail: silas.kaz.3@mail.ru)

ARTICLE INFO

ABSTRACT

Keywords:

«Алтын жарық», түркі жазба ескерткіші, көне ұйғыр жазуы, көне аудармалар, ашылу тарихы, зерттеулер, Шығыс және Батыс ғалымдары, С.Малов, Ф. Мюллер, Гэн Шимин, ең жаңа аудармалар.

FTAMP 16.01.09

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-1-91-107>

Мақала б.д. Х ғасырына жататын көне ұйғыр ескерткіші – «Алтын жарықтың» ашылу тарихын, оның зерттелуін талдауға арналған. Ескерткіш XIX ғасырдың соңында ашылып, оны орыс, неміс, ағылшын, қытай ғалымдары зерттеді, кейінірек француз, түрік, жапон, швед, қазақ ғалымдары да зерттеу жұмыстарына атсалысты; Шығыс Түркістанға арнайы экспедициялар ұйымдастырылды. Алайда «Алтын жарық» ескерткішінің тілі, мазмұны, транскрипциясы мен аудармаларына қатысты әлі де «ақтаңдақтар» көп, сондықтан әртүрлі елдердің ғалымдары үшін бұл жәдігерді зерттеу мәселесі өзекті және сұранысқа ие. Көне ұйғыр жазуымен хатқа түскен бұл мұраның ерте орта ғасырларда қытай, санскрит және басқа да байырғы тілдерге аударылғаны белгілі, сол себепті XIX–XXI ғғ. ғалымдары ескерткіштің түпнұсқасын емес, оның Санкт-Петербург пен Берлинде сақтаулы аударма мәтіндерін пайдаланады. Осыған байланысты зерттеушілер арасында ескерткіштің «Санкт-Петербург нұсқасы» және «Берлин нұсқасы» деген атаулар тараған. Бұл мақалада авторлар көне ұйғыр ескерткішін Шығыс және Батыс ғалымдарының зерттеу тарихын жүйелеуге, жинақтауға, сондай-ақ оның аудармаларының ерекшеліктеріне назар аударуға тырысады.

¹ Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің BR20281006 «Шығыс елдері: тарихи және заманауи өлшем тұрғысынан Қазақстан үшін геосаяси сын-қатерлер мен жаңа перспективалар» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын іске асыру шеңберінде дайындалды.

Осы мақсатта авторлар қытай, орыс, неміс, ағылшын, түрік және басқа да тілдердегі дереккөздерге сүйеніп, шетелдік ғалымдардың «Алтын жарықты» зерттеуіне қатысты мәліметтерді қорытады, мәтіндерді салыстырмалы талдаудан өткізеді.

Ескерткішті ең алғаш зерттеген орыс және Еуропа ғалымдарының (С. Малов, В. Радлов, Ф. Мюллер, А. Стейн) қосқан үлестеріне көңіл бөлінеді. Мәселен, С. Малов мәтінді тек транскрипциялаумен және аударумен ғана шектелмей, ескерткіштің консонанттық жүйесіндегі дыбыстық айырмашылықтарды анықтады. Ф. Мюллер өз экспедициясының зерттеу нәтижелерін, ескерткіштің транскрипциясын және неміс тіліне аудармасын С. Маловтан бұрын, 1908 жылы жариялады. Ескерткішті зерттеуде жапон және түрік ғалымдары Р. Арат, В. Эберхар, С. Чағатай мен басқалардың еңбектері маңызды орын алады. Сонымен қатар, мақалада қытайлық түркітанушы Гэн Шиминнің еңбектері, оның жетекшілігімен түркі жазба ескерткіштерін, соның ішінде көне ұйғыр жәдігерлері – «Алтын жарық», «Майтри Симит», «Таң Суанзаң хазіреттің батысқа сапары» сынды мұраларды зерттеумен айналысатын жас ғалымдардың тұтас мектебі қалыптасқандығы ерекше аталып өтеді.

Қазіргі уақытта «Алтын жарық» көптеген Еуропа, шығыс және түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне де аударылған (Ғ. Айдаров және т.б.). Мақала авторлары бұл ескерткішті қытай тілінен қазақ тіліне өздері тарапынан жаңадан аударып жатқаны жөнінде хабардар етеді.

D. Masimkhanuly^a

^aR.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Republic of Kazakhstan
(E-mail: masimkhan-63@mail.ru)

*T. Kadyl^b

R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Republic of Kazakhstan
(E-mail: taldaobekashimhan@gmail.com)

*Corresponding author: taldaobekashimhan@gmail.com

E. Zhomart^c

^cR.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Almaty, Republic of Kazakhstan
(E-mail: silas.kaz.3@mail.ru)

The ancient Uyghur monument *Altun Yaruk*: discovery, study, and translations

Abstract. This article examines the history of the discovery and research of the ancient Uyghur written monument Altun Yaruk, dating back to the 10th century CE. Discovered in the late 19th century, it has been studied by Russian, German, British, Chinese, and later

Received 04 December 2024. Revised 10 December 2024. Accepted 26 February 2025. Available online 30 March 2025.



Дәйексөз үшін: Д. Мәсімханұлы, Т. Қадыл, Е. Жомарт «Алтын жарық» көне ұйғыр ескерткіші: ашылуы, зерттелуі және аудармалары // Turkic Studies Journal. 2025. Т. 7. №1. С. 91-107. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-1-91-107>

For citation: D. Masimkhanuly, T. Kadyl, E. Zhomart The ancient Uyghur monument Altun Yaruk: discovery, study, and translations // Turkic Studies Journal. 2025. Vol. 7. No 1. P. 91-107. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2025-1-91-107>

French, Turkish, Japanese, Swedish, and Kazakh scholars. Special expeditions were organized to East Turkestan for its study. There are significant gaps in the research on its language, content, transcription, and translations of Altun Yaruk, which require further scholarly investigation. The manuscript was written in ancient Uyghur script and translated into Chinese, Sanskrit, and other ancient languages during the early Middle Ages. Consequently, scholars from the 19th to the 21st centuries primarily work with translated texts, with preserved copies in Saint Petersburg and Berlin, often referred to as the 'Saint Petersburg' and 'Berlin' versions.

This article aims to systematize and summarize the history on Altun Yaruk by Eastern and Western scholars while highlighting translation specifics. To achieve this objective, the authors have analysed sources written in Chinese, Russian, German, English, Turkish and other languages. They have also compiled factual data from international studies of Altun Yaruk and conducted a comparative analysis of the texts.

The contributions of early researchers, particularly Russian and European scholars such as S. Malov, W. Radloff, F. Müller, and A. Stein, are given special attention. Malov's contributions extend beyond mere transcription and translation, he also identified phonetic distinctions in the consonant system of the monument. Müller published the results of his expeditions, including a transcription and German translation, as early as 1908, thus preceding Malov's work.

Additionally, the Japanese and Turkish scholars research, including R. Arat, W. Eberhard, S. Çağatay among others, has made significant contributions to the study of the written record.

The article also highlights the achievements of the Chinese Turkologist Geng Shimin, under whose leadership a school of young scholars specializing in Turkic written monuments, including Altun Yaruk, Maitrisimit, and Tang Xuanzang's Journey to the West was established.

Today, Altun Yaruk has been translated into numerous European, Eastern, and Turkic languages, including Kazakh (by G. Aidarov and others). The authors of this article propose a new translation from Chinese into Kazakh.

Keywords: Altun Yaruk, Turkic written monument, ancient Uyghur script, ancient translations, discovery, research, Eastern and Western scholars, S. Malov, F. Müller, Geng Shimin, recent translations.

Д. Масимханұлы^a

*^aИнститут востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: masimkhan-63@mail.ru)*

***Т. Қадыл^b**

*^bИнститут востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: taldaobekashimhan@gmail.com)*

**Автор для корреспонденции: taldaobekashimhan@gmail.com*

Е. Жомарт^c

*^cИнститут востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: silas.kaz.3@mail.ru)*

Древний уйгурский памятник «Алтын ярук»: открытие, исследования и переводы

Аннотация. Статья посвящена истории открытия, анализу исследований древнего уйгур-ского памятника «Алтын ярук», относящегося к X в. н.э. Памятник был открыт в

конце XIX века, исследован русскими, немецкими, английскими, китайскими учеными, также позже в изучении памятника принимали участие французские, турецкие, японские, шведские, казахские ученые; организованы были специальные экспедиции в Восточный Туркестан. Тем не менее в исследовании языка, содержания, транскрипции и переводов «Алтын ярука» есть много «белых пятен», поэтому изучение памятника учеными разных стран актуально и востребовано. Известно, что памятник, написанный древней уйгурской графикой, в раннем средневековье был переведён на китайский язык, санскрит и другие древние языки, поэтому ученые XIX – XXI веков используют не оригинал памятника, а его переводные тексты, которые хранятся в Санкт-Петербурге и в Берлине. Отсюда среди исследователей «Алтын ярука» распространены выражения «санкт-петербургская» и «берлинская» версии памятника.

Авторы данной статьи пытаются систематизировать, обобщить историю исследования древнеуйгурского памятника учеными Востока и Запада, обратить внимание на особенности переводов памятника. Для достижения поставленной цели авторы обращаются к источникам на китайском, русском, немецком, английском, турецком и других языках, обобщают фактологические данные зарубежных ученых по изучению «Алтын ярук», проводят сравнительный анализ текстов.

Внимание обращается на вклад первых исследователей памятника – русских и европейских ученых (С.Малов, В.Радлов, Ф. Мюллер, А.Стейн). Так, С.Малов не только транскрибировал и перевёл текст, но и определил различие звуков в консонантной системе памятника. Ф.Мюллер результаты своих экспедиционных исследований, транскрипцию и перевод на немецкий язык опубликовал в 1908 году, раньше, чем С.Малов. Важным в изучении памятника являются исследования японских и турецких ученых, таких, как Р. Арат, В. Эберхар, С. Чагатай и других.

Особо отмечают в статье также заслуги китайского ученого-тюрколога Гэн Шимина, под руководством которого была создана целая школа молодых ученых, занимающихся изучением тюркских письменных памятников, в т.ч. древнеуйгурских «Алтын ярук», «Майтри Симит», «Таң Суанзаң хазіреттің батысқа сапары».

«Алтын ярук» в настоящее время переведен на многие европейские, восточные, тюркские языки, в т.ч. на казахский язык (Г. Айдаров и другие). Авторы статьи иницируют свой новый перевод с китайского языка на казахский.

Ключевые слова: «Алтын ярук», тюркский письменный памятник, древняя уйгурская графика, древние переводы, открытие, исследования, ученые Востока и Запада, С.Малов, Ф.Мюллер, Гэн Шимин, новейшие переводы.

Кіріспе

Түркітану ғылымы саласында «Көне ұйғыр жазба ескерткіштері» деген атпен белгілі жәдігерлердің ішінде көбірек зерттеліп келе жатқан мұралардың ең көлемдісі – «Алтын жарық». Оның табылуы мен зерттелуі түркі халықтарының байырғы мәдениеттерін тануға тағы бір қырынан жол ашты. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Қытайдың Гансу, Тұрфан аймақтарынан табылып, әлемдік тюркология ғылымында зор дүмпу жасап, олжа болған бұл жәдігерлерді күні бүгінге дейін әр елдің түркітанушылары өз мүмкіндіктері жеткенше тынбай зерттеп келеді. Солай дегенмен аталған тарихи мұраны әр қырынан жан-жақты және қателіксіз зерттеу әлі де жалғасуда бола алғамыз жоқ. Осы салада, яғни көне ұйғыр жазуындағы жәдігерлерді зерттеуге ғылыми негіз

қалап, азды-көпті еңбек жазғандар Германия, Англия, Ресей, Қытай, Франция, Жапония, Швеция, Түркия секілді елдердің ғалымдары болды. Әсіресе В.В.Радлов пен С.Е.Маловтың еңбектері осы тақырыпты зерттеуге жол салды. Кейін Радлов пен Малов нұсқасын пайдаланып, алғашқылардың бірі болып зерттеген және көп еңбек жазғандардың қатарында неміс ғалымдары В.Банг, А.Габен, түркиялық ғалымдар Р.Р. Арат, В. Эберхар, Сағадет Чағатай секілділерді атауға болады. Осы ретте көне ұйғыр жазба ескерткіштерінен 20-дан астам мәтінді зерттеп, монографиялар жазған қытай түркологы Гэн Шимин (Geng Shimin) болды. Ол өз еңбектерінде аталған жәдігерлерден «Алтын жарық», «Майтри Симит», «Таң Суанзаң хазіреттің батысқа сапары» секілді 20-дан астам мәтінді зерттеп, бірнеше бөлімін қазіргі қытай тіліне аударып, түсініктемелер жазды әрі транскрипциялады. Сондай-ақ өзі жетекшілік еткен докторанттарына осы тақырыптар аясында диссертациялық жұмыстар жаздырды. Сонымен қатар көне ұйғыр жазба ескерткіштерін зерттеуде өзінің тіл білудегі артықшылықтарына сүйене отырып, ілгерідегі зерттеушілер – неміс түркологы В.В. Радлов, орыс түркологы С.Е. Малов және Түркиялық түркітанушы С.Каяның көне ұйғыр жазба ескерткіштерін зерттеу барысында жіберген қателіктерін көрсетіп, түзетулер жасады (Гэн Шимин, 2006: 3). Мәселен, Гэн Шимин «Көне ұйғыр будда жазбалары және «Алтын жарықтың» табылуы мен зерттелуі» атты мақаласында: «Түркологтар бұл жәдігерлерді зерттеуде сөзсіз түрде қытайдың көне жазуын білгенде немесе қытайтанушылармен істестік орнатқанда ғана қателіктердің туындауынан сақтануға болады. Мысалы, 1994 жылы Түркия түркологы С. Кая «Алтын жарықты» зерттеу кітабында қытай тілін білмегендіктен «хикмет» деген мәндегі «küügälig» сөзін «kuo» және «kälīg» деп бөліп, қате жазған. Тіпті, түркі тілдерінің атақты білгірі С.Е. Маловтың өзі ескі қытай тілін білмегендіктен бірқатар қателіктер жіберген», – деп жазады (Гэн Шимин, 2006: 5). Әрине, бұл жерде аталған жәдігерлердің ертедегі алғашқы аудармаларының Қытай тілінде сақталғандығын ескерсек, Қытай түркологтарының бұл жағында алда тұратындығы да қисынға жанасады.

Өлемдік түрколог ғалымдарды қызықтырып ізденіске салған бұл құнды жәдігерлерді Қазақстан ғалымдарынан індете зерттеп, елеулі еңбек жазғандар жоқтың қасы. Филология ғылымдарының докторы Ғ.Айдаровтың 1991 жылы Алматыдағы «Рауан» баспасынан «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі» (толықтырылып, өңделген екінші басылымы) кітабы жарық көрген. Кітаптың титулдық бетіндегі аннотациясында көрсетілгендей, «Ғ.Айдаров бұл еңбегінде қазақ тілінің тарихына тікелей қатысы бар көне ұйғыр жазба ескерткіштері тілінің дыбыстық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне...» (Айдаров, 1991: 136) талдау жасайды. Автор кітапта көне ұйғыр жазуындағы жәдігерлерді жеке-жеке бөліп қарастырмай, тіліне жалпылама зерттеу жүргізеді. Бұдан соң Т.Жұртбайдың басшылығымен жарық көрген «Қазақ қолжазбалары» атты он томдық кітаптың 5, 6-томдарына Гэн Шиминнің жасаған транскрипциясы негізінде «Майтри Симиттың» қазақша аудармасы енді. Осы екі томға жауапты Е.Сіләмханұлы «Майтри Симиттың» зерттелуі туралы бірнеше мақала жариялады (Сіләмханұлы, 2019: 100-106). Қазақстанда қазақ тілінде көне ұйғыр жазба ескерткіштеріне қатысты бұдан басқа көңіл тоятын еңбектер жарық көрмеді. Еуропа ғалымдарын айтпағанда, қырғыз, өзбек, моңғол ғалымдары да бұл көне мұраға назар аударып, зерттеулер жасап келеді. Сондықтан біз де өз мүмкіндігімізді жібермей, түркі халықтарына ортақ көне мұраның қазақ тіліндегі аудармасын жасап, зерттеуіміз керек деп санаймыз.

Зерттеу әдістері және материалдары

Түркі мәдениетіне, оның ішінде қазаққа да қатысты мол көне ұйғыр жазуындағы жәдігерлерді зерттеудің маңызы аса зор. Мақаламызда көне ұйғыр ескерткіштерінің көрнектісі – «Алтын жарықтың» табылуы, аударылуы және зерттелу деңгейі жайындағы ілгергідегі жетістіктерді сараптап, қорытындылай отырып, өз байқауларымызды ұсындық. Зерттеу әдісі ретінде жазба ескерткіштің түпнұсқаларына негізделген жүйелеу, салыстыру, талдау жасалды. Көне ұйғыр, санскрит тіліндегі және қытай тіліндегі аударма нұсқалары салыстырылды. Сонымен бірге бүкіл дүниежүзі ғалымдарының «Алтын жарық» туралы басты-басты зерттеу еңбектері қорытындыланды.

Мақала материалдары ретінде «Алтын жарық» жазба ескерткішінің аударма нұсқалары мен көне ұйғыр жазба ескерткіштеріне қатысты қытай, орыс, түрік ғалымдарының зерттеу еңбектері алынды. Мақаланы жазу барысында «Алтын жарықтың» зерттелуі туралы орыс, ағылшын, қытай, түрік тіліндегі еңбектердің тікелей қатысты мәтіндері қазақшаға аударылып, сілтеме жасалынды.

«Алтын жарықты» ғалымдар Берлин және Санкт-Петербург нұсқаларына сүйеніп зерттеп келеді. Мақалада осы екі нұсқаның қалай жарыққа шыққаны түсіндірілді. «Алтын жарықты» буддашылар арасында аса кең таралған, олардың қасиет тұтып табынатын номы десек те, немесе мазмұнын негізге алып, будда дінінің Махаяна мазхабына жататын діни сарындағы көркем шығарма десек те болады. «Алтын жарық» – санскрит тілінде «Suvānaprabhasa sōttama-sūtra». Көне ұйғыр тіліндегі аталуы «Altun önglüg yaruq yaltrıqlıgh qopta kötrülmish nom ilig atlıgh nom bitik» болып жазылады. Қытай тіліндегі толық аталуы – «金光明最胜王经». Қазақша аудармасы: «Алтын түсті, нұр сәулелі, баршадан үстем тұратын ном патшасы атты ном бітік». Кітапта буддизм дінінің негіздері, философиясы, будданың уағыздары мен аңыздары баяндалады. Кітаптың қытайша аудармасынан айырмашылығы, ұйғыршасына (көне ұйғыр тіліндегісіне) кіріспемен қатар «Сауап алу» дейтін қосалқы бөлімдері қосылған. Аталған тақырыпты зерттеу кезінде негізінен Қытай деректерінде сақталған зерттеулерге иек арттық. «Алтын жарықтың» аударма нұсқаларына салыстыра талдау жасау барысында да Қытайда сақталған көшірме нұсқаларына сүйендік.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

«Алтын жарық» атты көне ұйғыр тіліндегі жазба ескерткіш – будда дінін мұғдарлайтын еңбектердің ішіндегі біршама толық сақталғаны және ең көлемдісі. Ғылымда қысқаша «Алтун йаруқ» (Алтын жарық) (Altun yaruq) атауымен танымал бұл жәдігер санскрит (Sanskrit) тілінде жазылып, VIII ғасырда қытай тіліне аударылған. Оны санскрит тілінен қытай тіліне аударған – И Жиң¹ (义淨). Ал қытай тілінен көне ұйғыр тіліне аударған адам – көне ұйғыр тілінің білгірі, атақты аудармашы Сыңқу Сәлі дутың (胜光法师) (Shingqu Säli Tutung) (дутың дәреже атауы, қытайша 督统 деп жазылады). Нақты аударған жылы жазылмағандықтан, зерттеушілер оны IX ғасырдың соңы мен X ғасырдың басында аударылған болуы мүмкін деп жорамалдайды (Гэн Шимин, 2006). Таң патшалығы кезіндегі көне қытай әдеби тіліне аударылып сақталған жәдігерді көне түрік заманындағы соғды жазуы негізінде пайда болған ұйғыр жазуы аталатын тілге аударған Сыңқу Сәлі атты бұл адам сол замандағы атақты тіл маманы, майталман аудармашы болған көрінеді. Аударма тілінде кездесетін санскрит тіліндегі сөздерге

¹ Бұл оның қытайша аты, көне ұйғыр жазуындағы аты «Gitsu» (Гітсу) болып жазылған.

қарап, оның бұл тілдерді де жақсы білетіндігін мөлшерлеуге болады. Оның өмірбаяны туралы мәліметтер тым аз. «Зерттеушілердің сараптауынша ол Бесбалық (Қытайдың қазіргі Санжы ауданы) өңірінде туып, сол жерде өмір сүрген» (Гэн Шимин, 1978).

Бізге жеткен «Алтын жарықтың» аудармасы түпнұсқа емес екендігі анық. Кітапта буддашылар бұл кітапты оқыса, көшірсе күнәларынан арылады делінген. Осындай уағызға сенген буддашылар барынша көп рет көшіруге тырысқан. Әсіресе будда діні дәуірлеген кезеңдерде тіпті де көп көшірілген болуы мүмкін. Біздің қолымызға тиіп отырғаны – С.Е.Малов алып кеткен Санкт-Петербург нұсқасы. Бұл әрі «Уыншугу нұсқасы»² (中国甘肃酒泉附近的文殊沟) деп те аталады. Бұл туралы ескерер маңызды бір мәлімет: «Алтын жарықтың» «Уыншугу нұсқасы» Чиң патшалығы Каңшидың 26 жылында (1687 ж.) қазіргі Дунхуаң (敦煌) (Мың үй деп те аталады) қаласында Білгі Талүй шабы, Ратна Уачра шабы, Чахшапат Маңгал тойын, Чахшапат Маңгал Ысдауры тойын, Сұуасыды тойын тарапынан көп нұсқа етіп көшірілген. С.Е.Маловтың қолына түскені – осы көшірме нұсқалардың бірі. Осы «Уыншугу нұсқасының» жоғалған екі бетін кейін швециялық археолог Ф.Бергман (Folke Bergman) 1927-1935 жылдар аралығында экспедициялық сапармен Қытайдың Гансу өлкесіне барғанда қолға түсіреді. Бұл екі бет қазір Швеция мемлекеттік мұражайында сақтаулы тұр.

«Алтын жарықтың» зерттелуіне жолбасшы болғандар – В.В.Радлов пен С.Е.Малов. Содан кейін Радлов-Малов нұсқасына сүйене отырып, неміс ғалымдары Ф.В.К.Мюллер, Альберт фон Леккок, Вильям Банг, С.Рашман, Клаус Ройерброи, Петер Цим зерттеді. Түркия ғалымдары Р.Р. Арат, В. Эберхар, Сағадет Чағатай, Ш.Текин, Эрдем Учар, Өзлем Аязлы, Энгин Четин бұл салада азды-көпті еңбектер жасады. Қытай түркологтары Фың Жияшың, Гэн Шимин, Ли Гошияң, Жаң Тиешан, Еркін Ауғалиұлы, А.Мыркамалұлы құнды еңбектер жазды. Ал отандық ғалымдардың ішінде Ғ. Айдаровтың «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі» атты еңбегінен өзге ауыз толтырып айтарлықтай құнды зерттеу әлі жарық көрген жоқ. Енді бұған кедергі болып отырған жәйт: бұл жазба ескерткіштердің қазақ тіліндегі аудармасы жарық көрмегендіктен, жан-жақты зерттеулер жасалмай келеді.

Талдау

«Алтын жарық» туралы материалды алғаш тапқан – ағылшындық Бауер. Кейін түрколог ғалымдар жағынан тұрақтандырылған екі нұсқасы жарыққа шықты. Нақтылап айтсақ, «Алтын жарықтың» бізге «Берлин нұсқасы», «Санкт-Петербург нұсқасы» деген атпен сақталған екі нұсқасы жетіп отыр. Әр елдің зерттеушілері осы екі нұсқа негізінде өз зерттеулерін жалғастырып келеді. Бұл екі нұсқаның жарыққа шығуына (яғни «Алтын жарық» нұсқаларының табылуына) мынадай жағдай себеп болды. 1890 жылы англиялық Бауер (Bower) атты адам қуғындалып, Қытайдың Оңтүстік Шыңжаң өлкесіне қарасты Кушар қаласына келеді. Ол сол жердегі жергілікті бір тұрғыннан сыры беймәлім қолжазбаны сатып алады да, оны Үндістанның Калькутта (Calcutta) қаласына жібереді. Мұны сол кездегі атақты шығыстанушы ғалым Р. Хоенль (R. Hoernle) IV ғасырда санскрит тілінде жазылған көне мұра екенін анықтайды. Бұл материал жариялана салысымен дүниені дүр сілкіндірген жаңалыққа айналады да, Англия, Германия, Франция, Ресей, Швеция, Жапония секілді көптеген елдердің ғалымдары Қытайдың Гансу, Тұрфан аймақтарына экспедициялар жасайды.

² Бұлай аталуының себебі 1910 жылы С.Е.Малов Қытайдың Гансу өлкесі Жиушуан ауданының таяу маңындағы Уыншугу деген жерінен тапқан. Бұл сол жердің аты бойынша аталынып отыр.

Осы ретте Германия академиясының жанынан ашылған Тұрфан зерттеу орталығы, Ресей ғылым академиясының Орталық Азияны зерттеу институты және басқа елдердің зерттеу орындары жапатармағай арнаулы экспедициялар жібереді. Әрі олар басқасын айтпағанда, бір ғана түркі әдеби ескерткіштері мен көне ұйғыр жазба жәдігерлеріне қатысты материалдардың өзінен кем дегенде он мыңнан астамын қолға түсіреді. Осылардың ішінде ең көп олжалы болғаны Германия (саны жағынан бірінші орында) мен Ресей болды. «Алтын жарықтың» толық екі нұсқасының табылуы және осы елдерде сақталуы себебі осындай.

Осы екі нұсқаның ең толығы – «Уыншугу нұсқасы». Бұл нұсқаны Ресей ғалымы С.Е. Малов Қытайдың Гансу өлкесі Жиушуан ауданының таяу маңындағы Уыншугу деген жерінен тапқан. Оның айтуынша, ол 1909-1911 жылдар аралығында Ресейдің Орталық және Шығыс Азияны зерттеу комитетінің ұйғаруымен Қытайдың Гансу, Тұрфан сияқты көптеген аймақтарына экспедициялық сапарлар жасаған. Сол сапардың барысында, 1910 жылғы 3 мамырда Гансу өлкесі Жиушуан ауданының таяу маңындағы Уыншугу деген жерінен бір ғибадатханадан 235 парақ (470 бет), 1910 жылғы 27 қазанда сол кездегі Уыншугу қыстағының бастығы Ли Дыңбаңнан 132 парақ (264 бет), 1910 жылғы 12 желтоқсанда Гансу өлкесінің Үй Дұң деген жерінен 30 парақ (60 бет) мәтінді қолға түсірген. Бұл материалдарды С.Е. Малов Ресейге алып қайтқаннан кейін сараптау жүргізгенде, «Алтын жарықтың» көне ұйғыр жазуындағы аудармасы екенін білген (Малов шығармалары, 1913). Қазір бұл нұсқа Ресей ғылым академиясының Санкт-Петербургтегі Шығыстану орталығының қолжазба бөлімінде сақтаулы тұр.

«Алтын жарықтың» «Уыншугу нұсқасының» қағазы қалың сары түсті, әр парақтың үлкендігі 62 × 32 сантиметр. Көп беттеріне 23, 24 жолдан, ішінара беттерге 22, 25, 26 жолдан жазылған. Бірінші бетіне «ҰМА ҚҰҢ» (UMA QUNG) деп жазылған. Зерттеп салыстыра келгенде, қазіргі ең толығы делінетін «Уыншугу нұсқасы» әуелгі нұсқасынан 28 парақ (56 бет) кем. Мәтіннің әр бөліміндегі кем парақтары төмендегідей: үшінші бөлімнен 2 парақ (4 бет), төртінші бөлімнен 2 парақ (4 бет), алтыншы бөлімнен 3 парақ (6 бет), жетінші бөлімнен 1 парақ (2 бет), сегізінші бөлімнен 5 парақ (10 бет), тоғызыншы бөлімнен 11 парақ (22 бет), оныншы бөлімнен 4 парақ (8 бет) кем. Қазірге дейін бұл жоғалған беттер табылған жоқ.

В.В. Радлов пен С.Е. Малов жинақтап, зерттеп жариялаған бұл «Уыншугу нұсқасы» кіріспе бөлім, он тараудан (бөлімнен) және мәтін соңына қосылған «Сауап алу» атты қосалқы бөлімнен құралады. Мұның ішінде кіріспе бөлімге енген «tört mxararң tngriärkä turma birgü» «төрт Махараж тәңірі үшін құрбан болу» (26-ші бет 17-ші жолдан 30-ші бет 9-ші жолға дейін) атты мазмұны Тануасын Ачары жағынан тибет тілінен аударылған. «Säkiz uluğ onunlartaqı saytilarñing ögdisi» «сегіз ұлық орындағы ғибадатхананың мадақтаушысы» (30-ші бет 10-шы жолдан 34-ші бет 16-шы жолға дейін) атты мазмұны Амогашры Ачары жағынан санскрит тілінен аударылған. Сондай-ақ қытайша нұсқаларымен салыстыра келгенде, кейбір бөлімдерде аздаған мәтіндердің «Алтын жарықты» көшіруші жағынан қосылып кеткені байқалады. Бұдан өзге қалған барлық бөлімдері – көне ұйғыр тіліне аударушы Сыңқу Сәлінің аудармасы.

«Алтын жарық» жазба ескерткішінің Берлин нұсқасы жайында алғаш мәлімет берген, әрі бірінші болып жол салған неміс ғалымы Мюллер Фридрих Вильгельм Карл болды. Ол 1908 жылы Германия археологтарының Тұрфаннан әкелген «Алтын жарықтың» үзінділерінен үш бөлімін (1-ші, 16-ші, 17-ші) жариялады. Және өзі зерттеген көне ұйғыр тіліндегі материалдарын «Ұйғырша» (Uigurica) «回鹘文献汇刊» деген атпен үш бөлімді еңбек (Uigurica. I. APAW, 1908; Uigurica II. APAW, 1910; Uigurica III. APAW,

1922) етіп шығарды. Ф.В.К.Мюллер «Алтын жарықты» санскритше түпнұсқасымен және қытай тіліндегі аудармасымен салыстыра отырып, ескерткіштің санскрит тіліндегі түпнұсқасын «Suvāna – prabhāsa – uttama – sūtra – indra – rāja» деп, ал көне ұйғыр тіліндегі аталымын «altun önglög yaruq yaltriqligh qopta kötrülmiş nom iligi atlgh nom bitik» деп тұңғыш рет аударды. «Алтын жарық» аталуы қазірге дейін Ф.В.К.Мюллердің аудармасы бойынша өзгеріссіз сақталып келеді. Ал Қытай тіліндегі аудармасында өзгеріс (қытай тіліне алдымен аударылғанын ескерейік) көп. Мысалы «Алтын жарықтың» Дунхуанда (敦煌) сақталған материал негізінде Гэн Шимин жетекшілігімен қорғалған «Алтын жарықтың» қытайша нұсқасындағы атының зерттелуі» атты магистрлік диссертацияда «Алтын жарықтың» қысқаша және толық аталуы, тарауларының аттары қарастырылған.

Ф.В.К.Мюллердің зерттеуін кейін неміс түркологы А. Уан Габаин (A. von Gabain) жалғастырды. Жоғарыда атаған «Ұйғырша» (Uigurica) деген еңбегінің 4-кітабын бастап жазып, аяқтауға үлгірмей дүниеден озған еді. Сол еңбекті 1931 жылы толық аяқтады (Müller F.W.K.- Gabain von A.Uigurica IV. SPAW, 1931, XXIV, 675-727- бб). Бұдан бөлек Габаин В.Бангмен (W. Bang) бірлесіп жазған «көне ұйғыр жазба ескерткіштерін зерттеу» (1930 ж.) (Uigurische Studien, UJb, Bd.10) (回鹘文献研究) атты кітабында «Алтын жарықтың» үшінші бөлімнің бірнеше мәтініне тоқталған. Ондағы аңыздарға талдау жасай келіп, кем жерлерін толықтыру жөнінде айтады. Бұл туралы Гэн Шимин зерттеуінде аталып өткен.

Ф.В.К.Мюллерден кейін бұл саланы неміс ғалымдары Альберт фон Лекко, Вильям Банг, С.Рашман, Клаус Ройерброи, Петер Цим зерттеді. С. Рашман Берлиндегі фрагменттерді каталогтап жариялады. Каталогтық сипаттағы еңбектерде әр жазбаның егжей-тегжейлі сипаттамасы (тіркеу саны, табылған жері, парақтың ерекшелігі, алдыңғы және артқы беттерде қанша жол бар екені т.б.) жасалды: Powered by TCPDF (www.tcpdf.org).

«Алтын жарық» туралы ең құнды, бірегей еңбектердің қатарына В.В. Радлов пен С.Е. Маловтың еңбектері жатады. Олар аталған ескерткіштен үзінділер келтіре отырып, оның тарихи құны, аударылуы мен транскрипциялану формалары жөнінде мағлұматтар берді. Сондай-ақ 1913-1917 жылдары Санкт-Петербургтағы қолжазбаларды төрт том етіп жариялады. Қазірге дейін көне ұйғыр тіліндегі жәдігерлерді зерттеуде көптеген ғалымдар Радлов пен Малов әзірлеген нұсқаға жүгінеді. Сонымен бірге Радлов пен Малов нұсқасында кем қалған беттерды француз, қытай, жапон, түрік, швед ғалымдары толықтырды.

Кейін С.Е. Малов ұстазы В.В. Радловтың қалдырған материалдарын жинақтап, кітап етіп шығарумен бірге «Алтын жарықтың» жеке тарауларын зерттеп, аударып, транскрипциялап жариялады. Мәселен, 1951 жылы жарық көрген «Памятники древнетюркской письменности» атты еңбегінде «Алтын жарықтың» жоғарыда айтқандай «Аш барыс», «Төрт ханзада» тарауларын транскрипциялап, аудармасын жасады. Ресейде Радлов пен Малов бастаған ғылыми жұмысты жалғастырушы түріктанушы ғалым ретінде Л.Ю. Тугушева, А.М. Щербак, Э.Р. Тенишев, С.Г. Кляшторный, В.Г. Гузев, И.В. Стеблева есімдерін атауға болады.

В.В. Радлов пен С.Ф. Ольденбург 1899 жылы Римде өткен XII кезекті халықаралық шығыстанушылар конгресінде Д.А.Клеменц экспедициясының Тұрфанда қол жеткізген көне ұйғыр жазба ескерткіштері туралы құнды баяндамасын жасады. Осыдан кейін түркологтар тарапынан бұл тарихи мұраларға деген қызығушылық арта түсті. Германия, Ресей, Франция, Швеция, т. б. елдердің дереу экспедиция жасақтап, Қытайға жіберуі соның айғағы. Осы ғылыми жиыннан кейін көп өтпей көне ұйғыр жазба ескерткіштері табылған өңірге сапар шеккен ғалымдардың қатарында англиялық (асыл тегі мажарлық)

ғалым Марк Аурнль Стейн (1862-1943) болды. Ол 1900-1931 жылдар аралығында Қытайдың Гансу аймағына қарасты Дунхуаңға (敦煌), оңтүстік Шыңжаңдағы Қашқар, Кушар, Тұрфан, Хотән секілді жерлерге төрт рет сапар шегіп, зерттеу жүргізгенінің нәтижесінде көптеген құнды жәдігерлерді қолға түсіреді. Әрі осы экспедициялық сапарда көрген-білгенін, қолға түсірген құнды материалдарын ғылыми мақала, сапар естелігі етіп жазып, жариялайды.

Көне ұйғыр жазба ескерткіштерін зерттеуге ең көп үлес қосқан неміс ғалымдары болды. Неміс ғалымдарының Қытайдың Алты шаһарына (Оңтүстік Шыңжаңдағы аудандарды көрсетеді) алғашқы экспедициялық сапары 1902 жылдың қыркүйек айынан басаталды. Бұл жолғы экспедициялық сапарды Альберт Грюнведель (1856-1935) басқарды. 1902 жылдың күзінен келесі жылдың жазына дейін Алты шаһар аталатын Оңтүстік Шыңжаңның Қашқар, Хотән, Корла, Тұрфан, Ақсу, Тоқсұн, Кұчар, Маралбасы сияқты аудандары мен елді мекендерін аралап, көне мұраларды жинады. Экспедициялық сапардан оралған соң Альберт Грюнведель алғашқы экспедициялық жұмыстың нәтижесін есеп ретінде жариялап, Орталық және Шығыс Азияны зерттеу комитеті бастаған бұл экспедициялық зерттеу жұмыстарын ары қарай жалғастыруға кеңес берді. Осыдан кейін Германия үкіметі Қытайдың Гансу аймағы мен Оңтүстік Шыңжаңға (Шығыс Түркістанға) тағы үш мәрте экспедиция ұйымдастырды. 1902 жылдан 1914 жылға дейінгі төрт мәрте экспедиция барысында неміс ғалымдары өте мол олжаға ие болды. Экспедиция кезінде табылған көне мұралар алғашында Берлиндегі Халықтану музейіне және Берлин кітапханасына тапсырылған. Соғыс жылдарында бір мезгіл Германияның Майнц қаласында сақтаған. Соғыстан кейін тұтас қолжазбалар Германияның мемлекеттік ғылым академиясына жөнелтілді. Саны жағынан да, құндылығы жағынан да неміс ғалымдары қол жеткізген материалдар, яғни көне жазба мұралар бірінші орында тұрады. Мәселен, Берлин академиясында Тұрфан зерттеу орталығының Иран бөлімінде шамамен 4700 мәтін, Қытай бөлімінде 6000 мәтін, Түркі бөлімінде 8000 мәтін сақталған делінеді. Бұл материалдар негізінде көне ұйғыр жазба ескерткіштерін алғашқылар болып Мюллер Фридрих Вильгельм Карл, Альберт фон Лекок, Вильям Банг зерттеді.

К. Мюллердің көне ұйғыр жазба ескерткіштеріне қатысты еңбектерін төрт кітап етіп шығарғанын жоғарыда айттық. Ал В. Банг шәкірті А. Габаинмен бірге мәтіндерді «Türirche Turfantexte» деген атпен жариялай бастайды. Бұл материалдардың алғашқы бес томы В. Банг пен А. Габаин тарапынан жарық көреді. Бұлар жеке-жеке Bang W and A. von Gabain, Türirche Turfantexte, I. SPWA, 1929, XV, 241-268 бб.; II. SPWA, 1929, XXII, 411-429 бб.; III. SPWA, 1930, XIII, 183-211 бб.; IV. SPWA, 1930, XXIV, 432-450 бб.; V. SPWA, 1930, XIV, 323-356 бб.; 1934 жылы жарық көрген VI томының авторлар қатарына төртінші автор болып Түркия түркологы Р.Р. Арат қосылды. Бұл кітап: Bang W, A. von Gabain und Rachmati, G.R.Türirche Turfantexte VI. Das buddhistische Sūtra Säkiz Yükmäk. Berlin, SPWA, 1934, X, S. 93-192 бб. В.Банг дүниеден озғаннан кейін жетінші кітапты Р.Р. Арат жалғыз өз атынан жариялады. Кітап аты: G.R.Türirche Turfantexte VII. SPWA, 1936, № 12. Осыдан кейін дүние жүзілік соғыстың басталуы себепті басылым жалғаспай тоқтап қалады. Соғыстан кейін осы топтама бойынша тағы үш том жарық көреді. Бұлар: 1) A. von Gabain. Türirche Turfantexte. VIII. Texte in Brähmischrift. ADAW, Berlin. 1954. 2) A. von Gabain. und W. Winter. Türirche Turfantexte. IX. Ein Hymnus an den Vater Mani auf "Tocharisch" B mit alttürkischer Üübersetzung. Berlin. 1958. 3) A. von Gabain. Türirche Turfantexte. X. Das Avadäna des Dämons Atavaka. Bearbeitet von Tadeusz Kowalski. Berlin. 1959.

В.Банг бастаған «Türirche Turfantexte» атты кітаптар сериясы тоқтап, тұп-тура 12 жылдан кейін, яғни 1971 жылы неміс ғалымдары Жоржы Хазай мен Питер Цим Берлин академиясында сақталған көне ұйғыр, тохар, қытай, моңғол, тибет тілдеріндегі жазба ескерткіштерді «Berliner Turfantexte» атауымен жалғастырады. 1971 жылдан 2017 жылға дейін (1-том, 1971 ж.; 2-том, 1971 ж.; 3-том, 1974 ж.; 4-том, 1974 ж.; 5-том, 1975 ж.; 6-том, 1976 ж.; 7-том, 1976 ж.; 8-том, 1977 ж.; 9-том, 1980 ж.; 10-том, 1982 ж.; 11-том, 1982 ж.; 12-том, 1983 ж.; 13-том, 1985 ж.; 14-том, 1986 ж.; 15-том, 1986 ж.; 16-том, 1990 ж.; 17-том, 1996 ж.; 18-том, 1998 ж.; 19-том, 1999 ж.; 20-том, 2000 ж.; 21-том, 2001ж.; 22-том, 2002 ж.; 23-том, 2005 ж.; 24-том, 2006 ж.; 25-том, 2007 ж.; 26-том, 2008 ж.; 27-том, 2009 ж.; 28-том, 2011 ж.; 29 том, 2011 ж.; 30 том, 2012 ж.; 31 том, 2013 ж.; 32 том, 2013 ж.; 33 том, 2015 ж.; 34-том, 2015 ж.; 35-том, 2015 ж.; 36-том, 2016 ж.; 37-том, 2016 ж.; 38-том, 2017ж.) осы жоба бойынша жарық көрген 38 кітаптың 21-і көне ұйғыр жазба ескерткіштеріне арналған. Осы кітаптардың жарық көрген уақытына назар салсақ, бұл ізденістер әлі күнге жалғасып келе жатқанын байқаймыз.

Көне ұйғыр жазба ескерткіштері аталатын құнды жәдігерлерді зерттеуге орыс, неміс, ағылшын ғалымдарымен қатар Францияның ғалымдары да өз үлестерін қосты. Бұл қатарда атақты синолог Поль Пеллио (1878-1945) басқарған француз экспедициясы 1906 жылдың тамыз айында неміс, орыс экспедицияларының ізімен оңтүстік Шинжияндағы (Шығыс Түркістан) аудандарына аттанады. Әрі олар осы сапарда 200-ден астам құнды қолжазбаларды қолға түсірумен қатар, Гансу аймағына қарасты Дунхуаңнан («мың үй» аталатын үңгірден) қытай, тибет, көне ұйғыр, санскрит тілдерінде жазылған мыңдаған қолжазбалармен бірге, ағаш қабығына, жібек, кенеп маталарға, қағазға кескінделген суреттерге де ие болады. 1908 жылдың қыркүйек айында Поль Пеллио зерттеу жұмыстарын сәтті аяқтап, көптеген қолжазбаларды, мәтіндер мен іс-қағаз құжаттарын, мүсіндер мен жібекке, матаға кескінделген суреттерді өз еліне алып қайтады. Олар алып қайтқан бұл мұралар қазір Париж қаласындағы мемлекеттік кітапханада сақтаулы. Бұған қосақтай айта кетер бір жайт: француз экспедициясы еліне қайтар жолында Қытайдың астанасы Бейжіңге аялдап, Дунхуаңнан тапқан қолжазбаларының бірқатарын қытай ғалымдарына береді. Осының нәтижесінде қытай ғалымдары бұл қолжазбалардың маңызын, құнын түсініп, арнайы комитет құрады. Көп ұзамай, 1910 жылы Дунхуаңдағы будда ғибадатханасының кітапханасында (мың үйде) өзге елдің талауынан қалған қолжазбаларды Бейжіңге көшіріп әкеледі. Бұл материалдар (16 мыңнан астам) қазір қытайдың астанасы Бейжіңдегі мемлекеттік кітапханасында сақтаулы тұр.

Сол мезгілдерде көне ұйғыр жазба ескерткіштерін зерттеуге Жапония үкіметі де экспедиция жасақтап, Қытайға көне мұралар табылған өңірлерге жіберді. «Алтын тапқан жерді айнала қаз» дегендей, 1902-1904 жылдар аралығындағы тұңғыш экспедициялық зерттеу жұмысы аяқталғаннан кейін, араға төрт жыл салып, 1908-1909 жж. және 1910-1914 жж. аралығында тағы екі мәрте барды. Бұл салада жапон ғалымдарының үлестері аз болған жоқ. Жапондық түріктанушы Мицуи Отани «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерін зерттеу» еңбегін жазды. Сол арқылы бұл тарихи жәдігерлердің танылуына, тереңдей зерттелуіне үлес қосты. Бұл қатарда Швеция ғалымдары да еңбектенді. 1927-1935 жылдар аралығында Швеция археологтары Қытай археологтары Хуаң Уынби (黃文弼) бастаған топпен Оңтүстік Шинжияндағы (Шығыс Түркістан) аудандарға археологиялық зерттеулер жүргізеді. Бұл өңірлерге жасаған археологиялық зерттеулер нәтижесін атағанда, Швеция ғалымы Суен Недин (Sven Hedin) мен финляндиялық Е.Маннергейм (E.Mannerheim) есімдерін атауға болады. Себебі олар өзге археологиялық зерттеулермен

бірге, көне ұйғыр жазба ескерткіштері туралы да біраз нәтижелерге қол жеткізді.

Неміс, орыс, жапон, швед, француз түркологтарынан кейін бұл салада табысты еңбек еткендер түрік ғалымдары болды. «Алтын жарыққа» байланысты түрік ғалымдары жариялаған алғашқы зерттеу – Р.Р. Араттың 1936 жылығы еңбегі. Ол «Алтын жарықтың» «Аш барыс» әңгімесін және 607.8 – 616.10 аралығындағы бөлімнің транскрипциясын жасап, «Uyghur Devrine Ait Dil Örnekleri» («Ұйғыр дәуіріне тән тіл мысалдары») атты мақаласын жариялады: Rahmeti, Reşit [Arat], Türk Dili Üzerine Ataştırmalar, Uyghur Devrine Ait Dil Örnekleri: Altun Yaruk, İstanbul 1936: 1-8. Араттың «Алтын жарыққа» қатысты бұдан өзге де еңбектері бар. Айталық, өз зерттеуінде көне ұйғыр мәтіндерінің жазылу мерзімін анықтау барысында «Алтын жарықтың» Цин әулеті кезінде жазылғаны туралы пікір білдірді. Сондай-ақ Радлов, Малов нұсқасынан 34.17 – 21, 343. 21 – 344. 24, 686. 13 – 16 аралығындағы бөлімнің транскрипциясын жасап, немісшеге аударды: Rachmeti, G[abdur] R[eşit]; W[olfram] Eberhard, Türkische Turfan – Texte VII, mit sinologischen Anmerkungen von Dr. W[olfram] Eberhard, APAW, Berlin 1937, s. 81 (Бернштам, 1950: 124).

1945 жылы Түркия ғалымы Сағадет Чағатай (S.Chagatay) Радлов-Малов нұсқасын пайдалана отырып, «Алтын жарықтан екі үзінді» (金光明经中两个故事研究) (Altun Yaruk'tan İki Parça) атты мақала жазып, Анкара университеті журналының тіл және тарих, география сериясында жариялайды (Çağatay Saadet, 1945: 197).

1961 жылы Түркия ғалымы Шинаси Текин Радлов-Малов зерттеуін негіз етіп, «Алтын жарықта» кездесетін буддизм дініне қатысты терминдерді санскрит нұсқасымен салыстыра зерттеп, мақала жазды. Автор 1962 жылғы зерттеуін жалғастырып, В. Банг пен А. Габаинның «Алтын жарыққа» қатысты 1930 жылы жариялаған еңбегін қайта зерттеп, жазба жәдігердің үзінділерін неміс тіліне аударды. Оның осы жазбасын кейін Р.Р.Арат 1965 жылы жазған «Eski Türk Şiiri» (көне түркі өлеңдері) зерттеуінде пайдаланады және неміс ғалымы Петер Цим де «Buddhistische Stabreimdichtungen der Uiguren» атты өз еңбегінде бұл материалдан сілтеме алып, ішкерілей талдау жасайды.

1908-2013 жылдарда жарияланған еңбектердің тізімін Түркия зерттеушісі Эрдем Учар «Altun Yaruk Sudur Üzerine Yapılan Çalışmalar Hakkında Açıklamalı Bir Kaupakça Denemesi («Алтын жарық» бойынша жасалған зерттеулерге түсініктемелі библиографиялық шолу)» атты мақаласында «Алтын жарық» бойынша жасалған ғылыми зерттеу жұмыстарын жинақтап, хронологиялық сипатта зерттеушілердің назарына ұсынады. Мақалада еңбектер туралы қысқаша мәліметтер де беріледі (Gulcalı, 2012: 251). Бұл материал Түркия ғалымдарының көне ұйғыр жазба ескерткіштерін зерттеудегі табыстарын жинақтап көрсетіп берген құнды еңбек болды. Түркия ғалымдары аталған жазба ескерткіштерді зерттеуде әрқайсысы бірінің ізін бірі баспай, әр қырынан келді. Айталық, Р.Р.Арат ескерткіштердегі өлең жолдарын аударып қарастырса, Сағадет Чағатай «Алтын жарықтың» айырым тарауларын аударып, жекеленген зерттеу жүргізді. Әлбетте, түрік ғалымдарының бұл саладағы елеулі еңбектерін атап, бөліп талдар болсақ, оның өзі арнайы тақырып болар еді.

Бұл ретте Қытай түркологтары да көне ұйғыр жазба ескерткіштерін зерттеуге көп үлес қосты. Әсіресе Қытай түркологы Гэн Шимин (1929-2012) зерттеулері айырықшалап атауға тұрады. Ол – көп ғалымдардың жай бірі емес, әлемдік деңгейдегі аса танымал түрколог. Түркі халықтарының тарихы, мәдениеті, тілі мен әдебиеті жайында кесек-кесек іргелі еңбектер жазған айтулы ғалымның өмірі мен еңбек жолына азырақ аялдай кетейік: Гэн Шиминнің ұлты – қытай, 1929 жылғы 28 қарашада Қытайдың Жияңсу өлкесі Үйжу қаласы Тұңшан ауданында дүниеге келген. 1952 ж. Бейжің университетінің Шығыс

тілдер факультетін бітіріп, өмірінің соңына дейін Орталық ұлттар университетінде шәкірт тәрбиелеп, зерттеумен шұғылданды. Соның барысында ол шәкірттеріне көне түркі жазба мұралары мен көне ұйғыр тіліндегі жазба ескерткіштерден докторлық диссертациялар қорғатты.

Профессор, академик Гэн Шимин түркі текті халықтардың және өзге де аз ұлттардың тіл-жазуы (диалектілері), мәдениеті жайында экспедициялық зерттеу жүргізіп, Қытайдың Алтай, Памир, Гансу, Чиңхай секілді өңірлерін ғана аралап қойған жоқ, Орталық Азияның басқа да көптеген елдерінде болып, ғылыми зерттеулер жасады. Сол себепті де, ол қазақ, ұйғыр, өзбек, татар, қырғыз, түрік, эзербайжан, тыва, қарақалпақ сияқты көптеген түркі халықтарының тіл, жазуын өте жақсы білді. Қытайдағы хйгу (Сары ұйғыр), сала секілді ұлттардың тілдерін зерттеді. Оның ағылшын, орыс, француз, неміс, жапон, қытай тілдерінде жарық көрген кітаптарының бірқатарын қысқаша таныстырсақ: «Ұйғырдың ерте заман мәдениеті мен жәдігері туралы очерктер» (1983 ж., қытай тілінде); «Дұңхуаң түркі көне ұйғыр әдеби ескерткіштеріне кіріспе» (1994 ж., қытай тілінде); «Das Zusammentreffen mit Maitreya» (хйгу «көне ұйғыр» жазуы естеліктері, 2-томы, 1988 ж. неміс тілінде); «Eine buddhistische Apokalypse» (хйгу «көне ұйғыр» жазуы буддизм туралы зерттеу», 1-том, 1998 ж., неміс тілінде); «The Uighur Kingdom of Kocho» (Едіқұт көне ұйғыр мемлекеті, 1988 ж., ағылшын тілінде); «History of Civilizations of Central Asia» (Орталық Азия мәдениеті тарихы, 4-том, 1998 ж., ағылшын тілінде); «Die Alttuerkischen Steppenreiche» (көне түркі көшпенді мемлекеті, 2000 ж., неміс тілінде); «Оғыз қаған аңыздары және ертедегі ұйғыр тарихи жырлары туралы зерттеу» (1980 ж., ұйғыр, қазақ тілдерінде); «Тіл ғылымы негіздері» (1981 ж. қытай тілінде); «Қазіргі қазақ тілі грамматикасы» (1989 ж., қытай тілінде); «Дұңхуаңтану үлкен сөздігі» (1989 ж.); «Орхон-Енисей тас ескерткіштерінің тілі туралы зерттеу» (1999 ж., қытай тілінде) секілді 23 монографиясы мен оқулықтары, 17 ғылыми аударма кітаптары бар (Әшімхан, 2019: 144-146).

Гэн Шиминның көне ұйғыр тіліндегі жазба ескерткіштерді зерттеуі 1960 жылдардан басталды. Ол «Алтын жарық», «Майтри Симит», «Таң Шуанзаң хазіреттің батысқа сапары» секілді 20 шақты шығарманың транскрипциясын жасаумен қатар, қытай тіліне аударуға кіріседі. Алайда 1958 жылы басталған саяси тұрақсыздықтың соңы ондаған жылдарға жалғасқан мәдени революцияға ұласып, 1979 жылы аяқталады. Осы жылдарда оқымысты біткен саяси қуғынға ұшырап, зерттеу үзіліп қалған болатын. Қытайдағы саяси жағдай орныққан соң Гэн Шимин мырза бұл көне жәдігерлерді зерттеуге құлшына кірісті. Соның нәтижесінде 1980 жылы АҚШ-тың Гарвард университетінің «Түркология» журналының 4-санында көне ұйғыр тіліндегі жазба ескерткіштердің бірі «Майтри Симиттың Құмыл нұсқасының екінші тарауы туралы зерттеу» атты мақаласы жарық көрді. Осдан кейін бұл салада Гэн Шиминның зерттеулері халықаралық беделді басылымдарда үзбей жарияланып тұрды. 1981–1983 жылдарда Германияның Бонн университетінде ғылыми тағылымдамамен жүрген кезінде профессор Х.Ж.Клаймкейтпен бірлесіп көне ұйғыр тіліндегі қолжазбаларды тереңдете зерттейді. Зерттеу нәтижесі 1983 жылы «Майтри Симиттың алдыңғы бес тарауының зерттелуі» деген атпен жарық көрді. Кейін, 1988 жылы «Көне ұйғыр тіліндегі жазба ескерткіштерді зерттеу» деген атпен Германияда екінші рет толықтырылып басылды (Мәсімханұлы, 2023: 177).

Гэн Шимин «Алтын жарықтың» транскрипциясын жасап, қытай тіліне аударып баспадан шығарды. Әрі «Көне ұйғыр тіліндегі жазба ескерткіштерді оқыту» атты оқулық құрастырып, өз шәкірттеріне арнаулы пән ретінде оқытты және магистрлық, докторлық диссертациялар жаздырып қорғатты. Қытайда қазірге дейін «Алтын жарық» туралы 381

зерттеу еңбек, олардың ішінде 21 магистрлық, 4 докторлық диссертация жазылды. Гэн Шимин жазған «Дұңхуаң түркі көне ұйғыр әдеби ескерткіштері», «Көне ұйғыр тілі», «Көне ұйғыр тіліндегі Майтри Симиттың зерттелуі», «Көне ұйғыр тіліндегі жазба ескерткіштерді оқыту» секілді зерттеулері Қытайдың көптеген университеттерінде оқытылып келеді.

Жинақтай айтқанда, ғалым, ұстаз Гэн Шиминнің ғылымдағы жолы бәрімізге үлгі. Оның әсіресе түркітану саласында жазған аса құнды ғылыми еңбектерін біз де өз қажетімізге жаратуға тиіспіз. Ол туралы айтылған бағалар да жетерлік. Мәселен, немістің халықаралық деңгейде танымал көне түркі филологиясының негізін қалаушы, дүниежүзі көне түркі филологиясының алып тұлғасы, халықаралық Орал-Алтай ғылыми қоғамының төрағасы Анна Мария Габаин: «Бұл салада өткен кездерде біз жапониялық ғалымдардың көне ұйғыр мәдениеті жайындағы табыстарын мақтаныш етіп едік. Мінеки, қазір осы салада біздің қытайлық әріптестеріміз де Орталық Азияны зерттеу, көне ұйғыр тілін зерттеу жағында мол табыстарға қол жеткізуімен қуантты. Оның ішінде айрықшалап атайтынымыз – профессор Гэн Шимин. Ол – шын мәніндегі филолог ғалым», - деп (Ху Жыңхуа, 2016: 2) жоғары бағалайды.

Нәтижелер

Бұл зерттеу нәтижесі бойынша мынадай ғылыми тұжырымдар ұсынуға болады: «Алтын жарық» – түркі халықтарының ортақ көне мұрасы. Жазба ескерткіштен түркітануға, сондай-ақ қазақ тілі мен мәдениеті тарихына қатысты көптен құнды деректерді кездестіреміз. Мақаланың талдау бөлімінде анық көрсеткеніміздей, «Алтын жарықты» Германия, Англия, Ресей, Қытай, Франция, Жапония, Швеция, Түркия сияқты көп елдердің қазірге дейін үзбей зерттеп келе жатқанын және ол жайында елеулі еңбектерді нақты деректермен көрсетіп, мүмкіндігінше талдап шықтық. Алайда қазақ ғалымдары көне ұйғыр тіліндегі бұл жазба мұраларды әлі тереңдей зерттеген жоқ. Қазақ тіліне аударып, тіл, әдебиет, мәдениет, түркітану, т.б. тұрғысынан жан-жақты зерттеу қажет деп білеміз.

«Алтын жарық» – жалпы 794 беттен тұратын көлемді шығарма. Оның ең толық нұсқасы – В.В.Радлов пен С.Е.Малов жинақтап, зерттеп жариялаған «Уыншугу нұсқасы» деп аталатын нұсқа. «Уыншугу нұсқасы» кіріспе бөлім, он тараудан (бөлімнен) және мәтін соңына қосылған «Сауап алу» атты қосалқы бөлімнен құралады. Бөлімдер рим цифрымен, бөліктер араб цифрымен таңбаланған. Түпнұсқада барлық бөлімдерге бірдей ат қойылмаған, қытайша және кейінгі көне ұйғыр тіліндегі аудармасында ішінара бөлімнің аталуы аудармашы жағынан толықтырылған. «Алтын жарық» мазмұнында неше алуан діни ертегілік аңыздар, мифтер қамтылған. Шығарманың баяндау тіліне қарасақ, кей тұсы өлең тіліне бейім болса, көбінесе қара сөзбен баяндалып отырған.

Қорытынды

Қорытып айтсақ, көне ұйғыр жазба ескерткіштері – күллі түркі халықтарының аса бағалы ортақ мұрасы. Бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, ешқашан өз құндылығы мен өзектілігін жоғалтпаған қымбат қазынаны дүниежүзі ғалымдары әлі күнге дейін үздіксіз зерттеп келеді. Тек тәуелсіз Қазақстан ғалымы ретінде көңілге ұялайтын өкініш – бүкіл Еуропа, Азия болып зерттеп келе жатқан түркі халықтарының ортақ бағалы мұрасына біздің түк қатысымыз жоқтай әлі күнге тереңдеп зерттемей, үнсіз келе жатқанымыз.

Түркі халықтарының ортақ мұрасы саналатын құнды жәдігер – «Алтын жарықтың» қазірге дейін қазақ тіліне аударылмағанын ескеріп, қазақша жолма-жол аудармасын дайындап жатырмыз (осы мақаланың авторы Т.Қадыл бұл ескерткіштің Қытай тіліндегі нұсқасы бойынша қазақша жолма-жол аудармасы мен транскрипциясын жасауда). Бұл құнды мұраны көптеген ұлттар өз тілдеріне аударды, әрі үздіксіз зерттеп келеді. Біз де бұл ескі жәдігерді ескеріп, өз тұрғымыздан зерттеп, қазақ тіліне аудару жұмысын жүргізуіміз керек деп білеміз. «Алтын жарық» түркология ғылымында әлі толық және қатесіз зерттеліп болған жоқ. Әлі ол жайында айтылмаған құнды пікір, ашылмаған сырлар көп.

Әдебиет

- Айдаров Ғ., 1991. Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі. Алматы: Рауан. 1991.
- Әшімхан Т., 2019. Алтын жағалау. Алматы: Арыс, 2019. 168 б.
- Бернштам А.Н., 1950. Русская и советская уйгуристика. Изв. АН Каз. ССР, серия уйгуро-дунганской культуры. 1950, вып. I. 7-8 с.
- Гэн Шимин, 1978. Көне ұйғыр тілінің аудармашысы – Сыңқу Сәлі. Мақала. Қытай: Кітаптарға баға журналы. 1978. -№4. 36 б.
- Мәсімханұлы Д., 2023. Шығыс әлемі: аңыз бен шындық. Алматы: ЖШС «литера-М». 448 б.
- Мюллер Ф. В. К., 1922. Uigurica. I. АРАУ, 1908; Uigurica II. АРАУ, 1910; Uigurica III. АРАУ, 1922.
- Сыламхан Е., 2019. «XXI ғасырдағы ұлттық тарихи сана хәне қоғамның жаңғыруы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Астана: 25-ші Қаңтар. 100-106. бб.
- Çağatay Saadet., 1945. Altun Yaruk'tan İki Parça, I. Küü Tav'ın Canlıları Öldürdüğünden Dolayı Gördüğü Ceza; II. Üç Prensle Aç Pars Hikâyesi (Prens Mahasatvi), TTK Basımevi, Ankara 1945, s. 197.
- Gulcalı Z., 2012. Eski Uygurca Altun Yaruk Sudur'dan “Aç Bars” Hikâyesi. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2012, 451 s.
- Uçar E., 2013. Altun Yaruk Sudur Üzerine Yapılan Çalışmalar Hakkında Açıklamalı Bir Kaynakça Denemesi. TÜRKÜK Dil, Edebiyat ve Halkbilimi Araştırmaları Dergisi 2013 Yıl: 1, Sayı: 1. 227-251.
- 杨蕤. 2015. 回鹘时代: 10-13世纪陆上丝绸之路贸易研究. 北京: 中国社会科学出版社. 280页.
- 耿世民. 2005. 古突厥文献研究. 北京: 民族出版社. 334页.
- 耿世民., 2006. 关于回鹘文佛教文献和《金光明经》的发现和研究的发现和研究的. 2006年西域文献学术座谈会. 北京: 中国国家图书馆.
- 耿世民., 2006. 古代维吾尔文献教程. 北京: 民族出版社. 230页.
- 胡振华., 2016. 想念已故突厥学家耿世民. 北京《金秋》杂志, 2016年 第2期.
- 迪拉娜·伊斯拉非尔., 2015. 吐鲁番发现回鹘文佛教新文献研究. 北京: 社会科学文献出版社. 185页.
- 杨富学., 2020. 回鹘文献与回鹘文化. 北京: 中国社会科学出版社. 320页.
- 付马., 2019. 丝绸之路上的西州回鹘王朝: 9~13世纪中亚东部历史研究. 北京: 社会科学文献出版社. 350页.
- 张文良., 1996. 金光明经. 中国佛教经典宝藏精选白话版. 北京: 中国社会科学出版社. 272页.

Reference

- Aidarov G., 1991. Kóne uıǵur jazba eskertkishteriniń tili [The language of ancient Uighur written monuments] Almaty: Raýan. 136 p. [in Kazakh].
- Äshimqan T., 2019. Altyn jaǵalaý [Gold Coast]. Almaty: Arys. 168 p. [in Kazakh].
- Bernshtam A.N., 1950. Russkaiıa i sovetskaiıa uıǵurstıka [Russian and Soviet Uyghur studies]. Izv. AN Kaz. SSR, serııa uıǵurodınganskoi kúltúry. вып. I. P. 7-8. [in Russian].
- Geng Shimin, 1978. Kóne uıǵur tiliniń aýdarmashıysy – Syqqý Sáli [Sinku Sali, the translator of the ancient Uyghur language]. Maqala. Pekın: Kitaptarǵa baǵa jýrnaly. №4. 36 p. [in Kazakh].
- Masimqanuly D., 2023. Shıǵys álemi: ayz ben shyndyq [Eastern world: legend and reality]. Almaty: JSHS «İrefa-M». 448 p. [in Kazakh].
- Muller F.V.K., 1922. Uigurica. I. APAW, 1908; Uigurica II. APAW, 1910; Uigurica III. APAW. [in Russian].
- Silamqhan E., 2019. XXI ǵasyrdaǵy ulttyq tariqı sana jáne qoǵamnyń jagǵyryy atty respýblikalyq ǵylymı-praktıkalyq konferensıa jınaǵy [Materials of the republican scientific-practical conference Revival of national historical consciousness and society in the 21st century]. Astana: 25-shi qagtar. pp. 100-106. [in Kazakh].
- Çaǵatay Saadet , 1945. Altun Yaruk'tan İki Parça, I. [Two Pieces from Altun yaruk, I.]. Küü Tav'ın Canlıları Öldürdüǵünden Dolayı Gördüǵü Ceza; II. [The Punishment of Küü Tav for Killing Living Things; II.]. Üç Prense Aç Pars Hikâyesi (Prens Mahasatvi) [The Story of the Hungry Leopard with the Three Princes (Prince Mahasatvi)], Ankara: TTK Basımevi. 197 p. [in Turkish].
- Gulsalı Z, 2012. Eski Uyğurca Altun Yaruk Sudur'dan “Aç Bars” Hikâyesi [«Hungry Bars» Story from Old Uyghur Altun Yaruk Sudur]. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 451 p. [in Turkish].
- Uçar E., 2013. Altun Yaruk Sudur Üzerine Yapılan Çalıřmalar Hakkında Açıklamalı Bir Kaynakça Denemesi [An Annotated Bibliography Attempt on the Studies on Altun yaruk Sudur]. TÜRÜK Dil, Edebiyat ve Halkbilimi Arařtırmaları Dergisi 2013 Yıl: 1, Sayı: 1. P. 227-251. [in Turkish].
- Dlina Islafyr, 2015. Turpanda tabylǵan kóne uıǵur býdda jazbalarynyń jańa materialdaryn zertteý [Research on the New Uighur Buddhist Documents Found in Turpan]. Pekın: Qoǵamdyq ǵylymdar materialdaryn shıǵarý baspasy. 185 p. [in China].
- Geng Shimin, 2005. Kóne túrki ádebi eskertkishterdi zertteý [Research on Ancient Turkic Literature]. Pekın: ulttar baspasy. 334 p. [in China].
- Geng Shimin, 2006. Kóne uıǵur býdda jazbalary jáne Altyn jaryqtyń tabylly men zerttelýi [On the discovery and research of Uighur Buddhist literature and the «Altyn yaruq stra»]. 2006 jylǵy batys óńirdi zertteý ǵylymı jinalysy [2006 Academic Symposium on Western Regions Literature]. Pekın: Qytaı memlekettik kitapqana. [in China].
- Geng Shimin, 2006. Kóne uıǵur ádebi materialdaryn oqytý [Tutorial on Ancient Uyghur Literature]. Pekın: ulttar baspasy. 230 p. [in China].
- Hý Zhynhua, 2016. Túrkolog Geng Shimindy eske alý [Remembering the late Turkic scholar Geng Shimin]. Pekın: Altyn kúz jýrnaly. №4. 36 p. [in China]
- İań Rui, 2015. kóne uıǵur daýiri: 10-13 ǵasyrlardaǵy uly qurlyqtaǵy jibek joly saýdasattyq [The Uighur Era: A Study of Trade on the Silk Road from the 10th to the 13th Century]. Pekın: Qytaı qoǵamdyq ǵylymdar baspasy. 280 p. [in China].
- İań Pucshıyó, 2020. Kóne uıǵur materialdary jáne kóne uıǵur mádenıeti [Uighur Literature and Uighur Culture]. Pekın: Qytaı qoǵamdyq ǵylymdar baspasy. 320 p. [in China].
- Pý Ma, 2019. Jibek jolyndaǵy Batys óńir kóne uıǵur memlekety: 13-19 ǵasyrlardaǵy Ortalyq Azianyń shıǵysy tariqı zertteýler [The Western Region Uighur Dynasty on the Silk

Road: A Study of Eastern Central Asian History from the 9th to the 13th Century]. Pekin: Qoғamdyq ғылымдар материалдарын shiғarý baspasy. 350 p. [in China].

Zhañ Üynliañ, 1996. Altyn jaryq: Qytaı býdda klassikteriniñ qazynalarynan tañdamalylyary: xalyqtyq nusqasy [Altyn yaruq: A Selection of Chinese Buddhist Classics in Vernacular Chinese]. Pekin: Qytaı qoғamdyq ғылымдар baspasy. 272 p. [in China].

Авторлар туралы мәлімет:

Дукен Мәсімханұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Шевченко көш., 28, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0003-2986-1499

Талдаубек Қадыл, PhD, жетекші ғылыми қызметкер, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Шевченко көш., 28, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0009-0007-3224-9555

Жомарт Ертай, ғылыми қызметкер, Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Шевченко көш., 28, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0009-0000-7906-1866

Information about authors:

Duken Masimkhanuly, Doctor of Philology, Professor, R.B.Suleimenov Institute of Oriental Studies, 28 Shevchenko Str., Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0003-2986-1499

Taldaubek Kadyl, PhD, Leading Researcher, R.B.Suleimenov Institute of Oriental Studies, 28 Shevchenko Str., Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0009-0007-3224-9555

Zhomart Ertai, Leading Researcher, R.B.Suleimenov Institute of Oriental Studies, 28 Shevchenko Str., Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0009-0000-7906-1866

Сведения об авторах:

Дукен Масимханұлы, доктор филологических наук, профессор, Институт востоковедения имени Р.Б.Сүлейменова, ул. Шевченко, 28, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0003-2986-1499

Талдаубек Қадыл, PhD, ведущий научный сотрудник, Институт востоковедения имени Р.Б.Сүлейменова, ул. Шевченко, 28, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID: 0009-0007-3224-9555

Жомарт Ертай, ведущий научный сотрудник, Институт востоковедения имени Р.Б.Сүлейменова, ул. Шевченко, 28, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID: 0009-0000-7906-1866